

**"Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 1549 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 47, 586-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі туралы ережеде:  
1 3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 56-1) тармақшамен толықтырылсын:

"56-1) тұтынушылардың белгіленген қуаты 100 кВт-тан жоғары электр қондырғыларының электр желілеріне қосылуына рұқсат береді;"

57) және 58) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"57) энергетика ұйымдарының басшылары мен мамандарын аттестаттауды жүзеге асырады ;

58) энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды және электр зертханаларын аккредиттеуді, энергия үнемдеу саясатының орындалуын бақылауды, заңды тұлғалардың энергетикалық тиімділігін тексеруді жүзеге асырады ; "

2. Осы қаулы 2012 жылғы 30 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К.Мәсімов*